Университеттің 55 жылдығына арналған «**Сәкен тағылымы -8»** атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция **материалдары // Материалы** Республиканской конференции «**Сейфуллинские чтения – 8**», посвященной 55-летию университета. – 2012. – Т.1 (преподаватели и магистранты). – Б. 83-84

ЖАЗДЫҚ ЖҰМСАҚ БИДАЙ СОРТТАРЫНЫҢ КЕЙБІР БИОМЕТРИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ АСТЫҚ ӨНІМІ

Базарбаев Б.Б.

Елбасы Қазақстан халқына арналған Жолдауында агроөнеркәсіп кешенін дамыту отандық экономиканы әртараптандыру да маңызды екенін айрықша атап көрсетті. Аграрлық кешеннің серпінді дамуы ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттыру, азық–түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылық өнімдерінің экспорттық әлеуетін дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Біздің зерттеулеріміз Ақмола облысы Астрахан ауданы «Фермер 2002» ЖШС-де 2009-2011 жылдар аралығында жүргізілді. Солтүстік Қазақстанның қара-қоңыр топырағында жаздық жұмсақ бидайдың жаңа және себуге рұқсат етілген сорттарының өнімі мен сапасының қалыптасуы зерттелді. Зерттеу обьектісі ретінде біздің тәжірибемізде жаздық бидайдың орташа мерзімде пісетін және орташадан кеш мерзімде пісетін сорттары қолданылды. Әр гектарға 2,0 млн өнгіш тұқым себілді. Себу мерзімі 20-22-мамыр. Тәжірибе 4 қайталанымнан, әрқайсысының ауданы 336 $м^2$ мөлдектерде жүргізілді. Танаптар қатарлап орналасқан.

Зерттеу жұмыстары жүргізілген орта есеппен үш жылда жаздық жұмсақ бидай өнімі қалыптасуының негізгі көрсеткішінің бірі өнімділік құрылым элементтері. 2009-2010 жылдары құрғақшылық болғандықтан өнімділік құрылым элементтері мен кейбір биометриялық көрсеткіштері орташа мерзімде пісетін Астана сортының 1$м^2$ алаңдағы өсімдіктер массасы тиісінше 375-240 г, 1$м^2$ алаңдағы дән массасы 172 - 82,6 г, ал бір масақтағы дән саны 21- 19 дана қалыптастырса, орташадан кеш пісетін Карагандинская 70 сортының 1$м^2$ алаңдағы өсімдіктер массасы 412-295,7 г, 1$м^2$ алаңдағы дән массасы 192-86 г, ал бір масақтағы дән саны 28-20 дана болды. 2011 жылы өзіндік ерекшелігімен бидай үшін маңызды, жаздың екінші жартысындағы түсетін ылғалмен толық қамтамасыз етілді. Осыған байланысты өнімділік құрылым элементтері мен кейбір биометриялық көрсеткіштері орташа мерзімде пісетін Астана сортының 1$м^2$ алаңдағы өсімдіктер массасы тиісінше 691 г, 215 г, 30 дана қалыптастырса, орташадан кеш пісетін Карагандинская 70 сортында тиісінше 840 г, 280 г, 28 дана болды.

Зерттеу нәтижелері бойынша астық өнімінің қалыптасуы жылдарға қарамай Астана сортында, ортадан кеш пісетін Карагандинская 70 (11,3 ц/га) және орташа мерзімде пісетін Астана 2, Целинная 50 сорттарымен салыстырғанда тұрақты түрде байқалды (орташа 3 жылда 9,8 ц/га).

**Ғылыми жетекшісі: а.ш.ғ.д., профессор Қ.М. Мұсынов*